

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАББАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№5 (87)

2005



ҚАЗАҚ ТІЛІ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Ж.Ә. Абдрахманова

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОККАЗИОНАЛДЫҚ СИПАТЫ

Тіл білімінде бұқаралық ақпарат құралдарының тілін, оның қоғамдағы қызметі мен рөлін зерттеу біршама өз нәтижесін беріп келеді. Себебі бұқаралық ақпарат құралдары қоғам дамуында ерекше коммуникативті қызметімен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда БАҚ тілі мен оның стильдік ерекшеліктері туралы зерттеушілер әр қырынан қарастыру үстінде. БАҚ-ты негізінен мерзімді баспасөз, телерадио деп бөлсек, соның ішінде әсіресе баспасөз тілінің ерекшеліктерін қарастыру алғашқы қазақ газеті – «Түркістан уалаяты» газетінен бері сөз болып келеді.

Жалпы қазақ газеттерінің, қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуы туралы қазақ тіл білімінде Б.Кенжебаев, Ү.Сүбханбердина, газет тіліне қатысты әдеби тіл тарихының мәселелері бойынша А.Ахабаев, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, М.Балақаев, С.Исаев, Т.Қордабаев т.б. зерттеушілер еңбек етті.

Қазақ тіл білімінде газет тілінің ерекшелігі мен коммуникативтік қызметін, оның бағалауыштық мәнін қарастырған А.Алдашева, Н.Уәлиев, О.Бүркітов, Б.Момынова, Г.Смағұловалардың зерттеулерінде қолданылған. Осы орайда соңғы жалдары баспасөз тілін зерттеуде ғалымдар қоғам талабына сай жан-жақты қарастыра бастады. Мұны зерттеушілер С.Сапина, Б.Әбілқасымова, Е.Журавлева, В.Мотвиенко еңбектерінен байқауға болады.

Қазіргі газет тіліндегі фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері мен коммуникативтік қызметі жайлы біршама теориялық пайымдаулар мен ғылыми негіздемелер болғанымен, әлі де болса арнайы қарастыруды, толыққанды зерттеу жүргізуді қажет етеді. Бір жағынан қоғам дамуына сәйкес газет тілінің стилі мен коммуникативтік қызметі де ауқымды болып келетіні анық. Осыған байланысты газет тіліндегі тұрақты тіркестерді жеке бөліп қарастыру тіл біліміндегі бүгінгі өзекті тақырыптардың бірі.

Баспасөз бетіндегі ақпараттық мәтіндердің барлығы қоғамдық сананың қабылдауына мүдделі. Тілдің коммуникативтік талаптарына сәйкес ақпарат оқырманға түсінікті, стилі жатық болуы шарт. Сол себепті ұлттық тілдің қайнар бұлағы тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдердің баспасөз тіліндегі қолданыс аясы кең. Тұрақты тіркестер халықтың тарихымен бірге жасап келе жатқан тіліміздің шұрайлы, бейнелі сөз орамдары. Баспасөз бетінде тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің жиі қолдануы қоғамдық сананың таным-түсінігіне ортақ жағдай туғызады.

Зерттеуші С.Жапаков (1) бұқаралық коммуникация тіліндегі фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктерін қарастыра келіп, оны стильдік тұрғыдан үш топқа бөліп қарастырады:

1) Бейтарап фразеологизмдер, әдетте функционалдық стильдердің бөрінде бірдей жұмсалады: *Құлан таза айықты, өкпесін білдірді, мұрындық болды, тілге тиек етті, көңіл қосты* т.б.

2) Кітаби фразеологизмдер, көбіне жазба тілде, әсіресе көркем әдебиет тілінде, ресми тілде, ғылыми тілде жиі қолданылатын фразеологиялық бірліктер: *игілікті іс, аяқалы топ, білім беру ошақтары, алтын ұя, аптал азамат, тарих сахнасы* т.б.

3) Сөйлеу тіліне тән фразеологизмдер: *дайын асқа тік қасық; жерден алып, жерге салд, аңсары ауды; таңдай қақтыды; он саусағынан өнер тамған* т.б.

Жалпы алғанда қазіргі газет тілінде фразеологизмдердің актив қолдануы баспасөздің сөз байлығын, ұлттың сипатын саралап береді. Себебі кез келген газеттің стильдік ерекшелігі оның тілінен көрінеді. Зерттеуші Е.В.Федосова баспасөз тілінің ерекшелігін қарастыра келіп: «Язык газеты - наиболее подвижная стилистическая подсистема литературного языка, отражающая все новообразования и изменения. Инновации сначала появляются в языке, затем или закрепляются или исчезают. Выделяются целые пласты устойчивых словосочетаний, фразосочетаний» деп көрсетеді. Бұл фразеологизмдердің баспасөз тілінде айрықша рөл атқаратынын білдіреді. Осындай сөз айшықтары негізінде баспасөз бетіндегі ұлттық ерекшелікті аңғаруға болады. Осы орайда профессор Г.Смағұлова «Жалпы қазақ газеттерінің тілінде ұлт тілінің ерекшелігі ретінде үстемелік басым. Үстемелік дегеніміз-мәтінде қолданылатын фразеологиялық тіркестер, метафоралы суретті, ерекше бейнелі сөз қолданыстары. Бұлар аударма кезінде қиындық туғызғанымен, оқылу сәтінде, ұлттың өзіндік ойлау болмысынан хабар

дар ететін шымыр, терең көркемдік иірімінен шыққан ерекше тұлғалы сөздер» деп газет тілінің ұлттық мәні туралы анықтама береді.

Сонымен бірге баспасөз тіліндегі, оның стильдік құрылымдарындағы тұрақты тіркестердің қызметі жайын қарастыра келіп, мұндай тіркестедің тақырып атуы етіп берілуі туралы: «Имея в виду основное назначение заголовков – информировать читателя относительно основного содержания публикуемого материала, не удивительно, что такой большой процент составляют целые предложения» деген теориялық пікірге ерекше назар аударғанды жөн көрдік (2;180 б.)

Зерттеушілердің пайымдауынша окказионал сөз норманы бұзбайды, тек тілдік жүйедегі түрлі сөзжасам мүмкіндіктерінің қалыптасуының сан алуандығын көрсетеді деген ортақ пікір бар. Сонымен бірге окказионал сөзжасам тілдегі ескі форма мен жаңа семантика арасындағы жоғалған байланысты қайта қалпына келтіруге бағытталған жеке сөз үлгісі.

Сөзжасамның бұл тәсілі көркемдік стиль болсын, публицистік болсын кең қолданылады. Әсіресе баспасөз тіліндегі көрінісі айрықша. Осы тұрғыда профессор Б.Момынованың: «Тілдегі окказионал құбылыстар көркем стильге тән, әсіресе оның проза, поэзия жанрларында бар бояу, мүмкіндігімен жарқырай көрінетіндігі айтылып жүр. Окказионализмдер өз мәнін мәтін ішінде, контексте дәл береді, тілдік қасиеті мәтін арқылы толық байқалады. Сондықтан да тілдік бірлік ретінде, ұғым атауы ретінде тілдік жүйеде қабылдана қоюы екі-талай құбылыс, бірақ бұл жағдай номинант ретінде қабылдауға әлеуетті окказионализмдер болатындығын да жоққа шығара алмайды. Ал қоғамдық-саяси лексикада, оның ішінде, аталмыш лексика тобына енетін сөздердің газет арқылы окказионалдар тудыруды тосын құбылыс, тосын жағдай саналады» (3;398) деген пікірінің мәні ерекше.

Қазіргі газет тіліндегі авторлық сөзжасам сан алуан. Әсіресе жеке қолданыс кезінде пайда болған мұндай құбылыстардың стильдік мәні ерекше. Мысалы, *Оқта-текте радионың құлағын бұрайтын әдетім бар* (Ж.А. 08.06.2000); *Әрбір тасынан тарихтың иісі аңқып тұрған киелі Атырау өлкесіндегі ендігі сапарлар ірі өндіріс орындары мен аудандар дажалғасын таппақ* (Ж.А.12.07.01.); *Жалпы, біздің халықта «бұзылған» деп, түз себілмей сасыған етті айтады. Соңғы кезде бұл сөзді сұйық жүріске бой алдырған өйелдерге теріп жүр.* (Ж.А.19.2002); *Біз рухы биік, айзағай намысты бабаларды іздеп бардық* (Ж.А. 02.11.2001); *Айдың-күннің аманында аспан мен амандасқан ғимараттарының тас-талқанын шығарған террористерден қайткенде де кек қайтарамыз деп иығын жұлып жеп Америка отыр.* (Ж.А. 11.11.2000). *Сонау темір тордың ар жағында жүргенде, осы ауылдың тасына дейін сағыныпты.* (Ж.А. 22.08.2000); *Өз көзіме өзі сенбей қайта қарадым. Балық. Үлкендігі жеңді білектей.* (Ж.А. 29.11.01.)

Контексте берілген авторлық сөзжасам үлгілері: *радионың құлағын бұрау; тарихтың иісі аңқып тұрған; сұйық жүріске бой алдырған; найзағай намысты; аспанмен амандасқан ғимарат; темір тор, жеңді білектей* т.б. тіркестердің мағынасы мен стильдік ерекшелігі мәтін арқылы ашылып тұр. Яғни контексте байлаулы мағына. Ал контекстен тыс тұрып дәл осы мағынаны бере алмауы мүмкін. Себебі бұл окказионалдар контекстен жеке тұрып көпмағыналық құбылыстың ықпалында болады. Орыс ғалымы Н.М.Шанский авторлық қолданыстың стильдік мақсаттарын зерттей келе: «Қаламгердің фразеологиялық оралымдары стильдік мақсатта қолданылуы әрқашан творчестволықпен ұштасады, ал қолдану тәсілдері үнемі әр алуан. Нақты бір стильдік мақсат үшін фразеологиялық оралымдар ешбір өзгеріссіз де, сондай-ақ мағыналық-құрылымдық құрамын өзгерткен және жаңа экспрессивті-стильдік сапаға түсірген түрлендіру арқылы да қолданылады» (4;135). деген тұжырым жасайды. Яғни авторлық сөзжасамның негізі белгілі бір мақсатқа қарай жасалып, контексте жеке экспрессивті-эмоционалды сипат береді.

Қоғамдық сананың қабылдауына сай келетін неологизмдер және коммуникативтік қызмет атқаратын авторлық жаңа сөзжасамдар мен окказионализмдер әлеуметтік қажеттілік негізінде пайда болады. Сөйтіп авторлық сөзжасам үлгілерінің кейбірі «уақытша» қызмет атқарса, енді бірі тілдік қолданысқа икемделе бастайды да, қоғамдық сананың қажеттілігін өтейді. Мысалы, *Біраздан бері республиканың ақпарат аспаны айғайға толы.* (Ж.А.08.06.2000); *«Ол бұдан 20 жыл бұрын өмірге келуі керек еді» дейді аяқ доп өнерінің майын ішкен мамандар.* (Ж.А. 19.10.01.); *Әуелі Президент «НАН» комбинатының сынақтан өтуі барысын қадағалады. Бұрынғы «егін кемелерінен» оның не артықшылығы бар.* (Түркістан 25.08.01); *Біз эстрада жұлдыздарының қайтадан өнер көгіне самғауына тілектеспіз.* (Түрк. 02.07.01); *Әуелде, Мәскеудің Домодедово өуежайынан Мәскеу-Алматы бағытындағы «ТУ-154» әуе кемесіне отырғаннан кейін, диктор қыздың қазақша сөйлегенін естіп, сондай толқыдым* (Түрк. 14.07.01) т.б. сөйлемдердегі *ақпарат аспаны; аяқ доп өнері; егін кемелері; өнер көгі; әуе кемелері* сынды тіркестер қазіргі уақытта, әсіресе публицистикада актив қолданысқа түсіп жүр. Автор осындай сөзжасамды құрастырады, бір жағынан, бірден-бір сөзжасаушы форманттар болған-дықтан, лингвистикалық сипатқа ие үлгілер ретінде басқа да баламалармен қатар тұрады. Жаңа сөз тудыру кезінде тілдік таңбаның, оның ішінде фразеологизмдердің қызметі ерекше. Өйткені фразеологизмдер коннотативті мағынаны негіздейді.

Окказионалды сөзжасамдарды зерттеу кезінде біз коннотативті мағыналы тіркестерге баса назар аударамыз. Тілдік бірліктердің коннотативті мағынасы әр уақытта сөздің алғашқы мағынасының негізінде қалыптасады. Осындай құбылыстың әсерінен газет тілінде: *еңбек майталмандары; ат құлағында ойнады; саяси өмір; сыр маржан* т.б. стандарттар пайда бола бастады. Дегенмен мұндай тіркестердің өзі келе-келе авторлық жаңа қолданысқа түсіп, талғам-талғаусыз жұмсала беретін болды. Мысалы: *Егеменді еліміздің бар байлығы жер қазынасымен өлшенсе де, өзіміз мақтан тұтатын сыр салысының қазіргі халі қандай екенін біреу білсе, біреу білмес* (Түрк. 15.04.2000); *Келешектің қараңғылығы, саяси науаның күн сайын құбылуы, зорлықтың қан соруы «жас азаматтың» үстіне ауыр жүк салып отыр.* (Ж.А. 23.09.2000); *Қоғамдағы беделімен материалдық жағдайы әлсіздігіне қарамастан білім майданының майтал-мандары болашақ ұрпақ үшін, бала үшін көзсіз беріліп, жанұшыра еңбек етіп, өмірінің бар мән-мағынасын осы табанды еңбектен тауып отыр.* (Ж.А. 25.06.02.); *Ес білгеннен көргені техника болғасын, жастайынан машинаның құлағында ойнап өсті.* (Ж.А. 11.03.2000) т.б. Газет тіліндегі осындай сөзжасам негізінде авторлық қолданыстағы *сыр салысы; саяси науа; білім майданының майталмандары; машинаның құлағында ойнады* т.б. тіркестер батапқы мағынасынан ауысып, уәжділік талаптарынан өлдеқайда алыс кеткен. Бұл біз жоғарыда айтқан «уақытша өмір сүрудің» бір көрінісі.

Бұл бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат беру талаптары мен тілдің коммуникативтік қызметіне кері әсерін тигізетін сөзсіз. Өйткені бұл әлеуметтік-қоғамдық сананың қабылдауы мен ойлауына, тіл мәдениетінің мақсаттарына жауап бере алмауы сөзсіз. Осы орайда: «Сегодняшняя наука получает все новые и новые объекты исследования. Так и современная лингвистическая наука все большее внимание на изучение языка массовой коммуникации. Информирова человека о состоянии мира и заполняя его досуг, средства массовой коммуникации оказывает влияние на весь строй его мышления, на стиль мировосприятия, на тип культуры сегодняшнего дня. «Одним из наиболее распространенным и доступным СМИ, наряду с радио, кино, телевидением, рекламой и интернетом», обладающими мощной силой воздействия на общественное сознание, является и пресса» (5) деген тұжырым осы бұқаралық ақпарат құралдары тілінің мәдениетіне қатысты айтылған тың ой деп қабылдаймыз.

Ал бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік ерекшеліктерін, оның тіліміздің дамуына қосар үлесін таразылай келіп, академик Ш.Сарыбаев: «Әдеби тілімізді, оның ішінде, әсіресе, лексиканы, сөздік қорымызды байытуда ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Оның ішінде әсіресе, сөзжасамның неше түрлі амал-тәсілдері арқылы, жаңа қолданыстарды дүниеге келтіруде көркем әдебиет емес, мерзімді баспасөз, ақпарат құралдарын бірінші орынға қояр едік. Журналистер әдеби тілдің баюымен дамуына, оның нормасының тұрақтануына қомақты үлес қосып келеді» (6;121) деген пікір айтады.

Осындай пікірлерге назар аудара отырып газет тіліндегі сөзжасам құбылысы, окказионалдардың пайда болуы тіліміздің қорын дамытуға ерекше қызмет атқара отырғанын пайымдаймыз. Дегенмен окказионал қолданыстағы сөздердің, фразеологиялық бірліктердің уәжділік талаптарымен, коммуникативтік мақсаттардың үрдісінен шыға отырып, стильдік ерекшеліктерді дұрыс саралай білген жөн. Өйткені баспасөз халықтың көзі мен айнасы. Баспасөз тілінің мәдениеті, халықтың мәдениеті. Баспасөз тіліндегі ақпарат- қоғамдық мәні бар, халықтың танымын қанағаттандыратын ақпарат.

Тіліміздегі тұрақты тіркестер айтылар ойды, жинақы өрі бейнелі түрде берудің бірден-бір құралы. Себебі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер белгілі бір айтылар ақпараттың мазмұнды, дәйекті түрде дәл береді. Жалпы, фразеологизмдер де, мақал-мәтелдердің компоненттері де дайын, қалыптасқан түрде келіп, тілдік қолданысқа түседі. БАҚ-та оның ішінде газет тілінде мұндай сөз айшықтарының авторлық қолданысқа тән сипат алып, компоненттік құрылымы өзгеріске түсіп берілуі жиі кездеседі. Мысалы, *Қайсысының жаны жаһаннамға жақын түрдеп жанымызды шүберек таппай, беторамалға түйгеніз де ақиқат.* (Ж.А. 22.09.2001); *Мемлекет басшысы тарапынан зор пәрмен беріліп, өділ пікір айтылмаса, коррупциямен күрес отбасы, ошақ қасындағы өңгімеге айналып, жұрттың шындық жөніндегі көзқарасы көктен келуі өбден мүмкін.* (Ж.А. 01.09.2001 ж.). *Ал бірден губернаторын сайлауға кіріскен Ресей қазір өз бармағын өзі тістеп отыр.* (Ж.А. №31. 2002). *Он ән қалт еткізбей, сүттей ұйытып тыңдалды* (Ж.А. 15.01.02.). Беріліп отырған мысалдар баспасөз тілінде, өсіресе Жас Алаш газетінде тұрақты тіркестердің компоненттері түрленіп қолданылғанын көрсетіп отыр. Жоғарыдағы мысалда берілген жанымызды шүберек таппай, бет орамалға түйгеніміз; көзқарасы көктен келуі мүмкін; өз бармағын өзі тістеп отыр; сүттей ұйытып тыңдалды тіркестерінің қалыптасқан нормадағы түрі: *жанын шүберекке түйді; аяғы аспаннан келді; бармағын тістеді; сүттей ұйыды* екені белгілі. Берілген үзіндіде тұрақты бағаланған мағынасы бар фразеологизмдердің, экспрессивті бағалауын мәнді тіркестер мен авторлық сөзжасамдардың өнімін айғақтайтын окказионал қатары берілген. Бұлардың беретін ойы мен мазмұны контекстен тыс жатқан мағыналас фразалық тіркестердің сипатымен айқындалады, яғни контекстегі авторлық сөзжасамның мазмұны қалыптасқан нормадағы фразеологизмдер мазмұны сабақтастығымен анықталады.

Қазіргі баспасөз тіліндегі сөзжасам негізі өзара тығыз байланысты екі лексикалық қорға тәуелді. Оның бірі-заттың, құбылыстың алғашқы атауларынан жеткен сөз байлығы. Бұл кезеңде тілден тыс болмыстың, ұжымдық тәжірибенің бойына тілдік жүйеде таңбалық сипат берілуі. Екінші тілдің коммуникативті қызметінің дамуы үшін тілді тұтынушылардың қалыптастырған жаңа атаулары. Мұндай атаулардың пайда болу себебі білгілі бір затты, құбылысты нақты бір тілдік таңбамен таңбалаудың қажеттілігінен пайда болады. Қазақ газеттерінің тілінде соңғы жылдары сөзжасам негізінде жаңа атаулармен бірге тіркестер, перифраздар қалыптасты. Мысалы, *өуе кемесі, билік сахнасы; қара алтын (мұнай); ақ алтын (мақта); ақпарат айдыны; жаңа қазақ; темір тұлпар; көгілдір отын; егін кемесі; ақ халатты абзал жан* т.б. Мұндай тіркестер қазіргі қазақ газеттерінде жиі қолданылады: *Әрбір бөлмеде ауырған науқастардың жай-күйімен танысып, езу жұмыстарын жүргізіп, болашақ ақ халатты маман болуға дайын екенімізді көрсететін едік.* (Айғақ. 12.09.2000.). *Халық қалаулылары бұл мәселе жөнінде «тазаланып, өңделетін жерге мониторинг жасалсын» деген ұйғарым-мен ғана шектелді.* (Ж.А. 04.10.1.); *Қазақстан-ның билік сахнасында үш рет ауысқан үкімет іскерлі де алғыр шенеуніктерді тәрбиелеп шығарды* (Ж.А. 1.2000.); *Әділқазылар алқасы айтыс ақындары Ақмарал Леубаева мен Алтынқұл Қасымбекованың екеуін де бөле-жармай бас жүлдеге лайық деп тауып, бір-бір «темір тұлпардың» кілтін қолдарына ұстат-ты* (Ж.А. 30.09.2000) т.б.

Белгілі ғалым, профессор О.Бүркіт қазақ тілінің публицистикалық стилін жан-жақты талдай отырып, оны бірнеше топқа бөледі. Соның ішінде публицистикадағы жаңа қолданыстарды көрсете келіп: «Баспасөз тілінің басты белгілерінің бірі оқиға мен хабарды, ақпаратты оқырманға тез жеткізу болып табылады. Ол үшін ПС тіліндегі дайын орамдар мен тіркестерді қолданылады. Оларды стандарт деп атайды. Стандарт құрылымы жиі қолданылу нәтижесінде бейнелілігін, эксперес-сивтік бояуын жоғалтып, штампқа айналады» деп көрсетеді де, мысалдармен дәлелдейді. Сол тәрізді қазіргі қазақ газеттерінде: *аспан асты елі; еңбек демалысы; ғасыр дерті; халық қалаулылары; өмір сахнасы; қара алтын* т.б. стандарттар жиі кездеседі. Бұлардың барлығы сөзжасам тәсілі арқылы тілдік қолданысқа түсіп, қалыптасты. Мұны зерттеуші А.Алдаше-ванын: «Ілгеріректегі кезеңді айтпағанның өзінде 70-80 жылдары қазақ баспасөзінде орыс тілінен тікелей аударылған қара алтын; көгілдір отын тәрізді трафареттік сериялы түрдегі газеттік перифразалармен қатар клише, таптаурын тіркестер де жиі қолданысқа түскен еді. Мәселен, бір ғана «еңбек» деген сөзге байланысты *еселі еңбек; еңбек биігі; еңбек ырағы; еңбек межесі; еңбек сіңағы; еңбек майталманы; еңбек озаты* сияқты тіркестер барлық газеттердің дерлік стандартты тілдік құралына айналған болатын» деген пікірі де дәлелдейді.

Қазіргі қазақ лингвистикасындағы публицистикалық стиль табиғатын қарастыру, оны салыстыру мәселесі өз нәтижесін беріп келеді. Дегенмен қоғам дамуының әрбір кезеңі жаңа атауларды, жаңа қолданыстарды өмірге алып келуде. Осы тұрғыда жоғарыда талданған окказионал қолданыстардың кейбірі зерттеушілер көрсеткендей орыс тілінен тікелей аударылған баламасы болса, енді қазақтың төл сөзінен пайда болған атаулар. «Публицистикалық стиль сөз қолданыстардың пайда болуына ғана себепші болып қоймайды, олардың тілімізде өмір сүруіне жағдай да жасайды. Кез келген жаңа қолданыс қалыптасқаннан кейін пайдаланылмаса жаңа лексема болудан қалады. Әрбір жаңа сөздің, жаңа сөз қолданыстың функционалдық сипатқа ие болуы, бірте-бірте актив қолданылатын лексемаларға айналуы-мерзімді баспасөз арқылы іске асатын күрделі процесс» (7;386 б.).

Бұқаралық ақпарат құралдарында окказионалды сөздердің қалыптасуы тек жалпы халықтық тілдегі фразеологизмдердің мәнін, құрылымын өзгерту арқылы жасалып қоймайды, авторлық сөзжасамда сонымен бірге жаңа стандарттар арқылы, жаңа тілдік қолданыстар арқылы жасалған окказионалдардың қызметі нәтижесінде де көрініс табады. Мысалы: *Қанша тырысқанымен заң құрығы-нан құтқара алмады* (Ж.А. 02.06.2001). *Су-тіршіліктің күретамыры десек те, бір жағынан оған «тілсіз жау» деп айдар тағып қойған.* (14.02.2000). *Екі құрбы келіншек бір-бірімен кездесе кетіп, қызыл сөзді көпіртеді гой, баяғы.* (Ж.А.11.02.2001); *Бұл жерде заңға томпақ өрекеттер көрініп тұр* (Ж.А. 11.02.2001); *Әли аға шындықтың шырағын жағып жүрген жан* (Ж.А. 09.04.2000) т.б. Бұл мысалдарда авторлық сөзжасамның өзіндік қолтаңбасы айқын аңғарылады. Сөйлемдерде берілген *заң құрығы; тілсіз жау; қызыл сөз; заңға томпақ өрекеттер; шындық-тың шырағын жағу* тәрізді тіркестер автор тарапынан жасалған окказионал құбылыстар. Контекстен үйлесім тапқан бұл мысалда кітаби стилі, сөйлеу тілі стилінің үлгілері қатар жүр. Бұл құбылыс мақсатты ойдың туындысы болғанымен, бұдан мотивация іздеудің нышаны айтарлықтай байқалмайды. Мұндай құбылыс-тың жиі кездесуі көбіне тіл біліміндегі фразеология саласына тән болып келеді. Себебі авторлық окказионалдың жасалуына тілдің басқа саласынан гөрі фразеологизмнің табиғаты бейім келеді. Бір жағынан фразеологизмдердің өзгертіліп берілуі қандай дәрежеде болмасын, оның окказионалды мағынасы таңбаның бастапқы формасына тікелей бағынышты болып келеді. Яғни қоғамдық сана окказионалды фразеологизм-дердің мағынасын жалпы халықтық нормадағы үлгісі арқылы тез қабылдай алады. Бірақ мұның барлығы уәжділік сипатқа байланысты болып келеді. Окказионал сөздердің тілдік қолданысқа бейімделіп кетуі оның мотивациясы мен бағалаушылық сипатының болуы негізінде. Ал тілдегі окказионал сөздердің көпшілігі мұндай талаптардың өресінен шыға бермейтіні ақиқат.

Дегенмен жоғарыда берілген жекелеген окказионал фразеологизмдердің уәжділік негізі болғандықтан белгілі бер деңгейде тілдік қолданыста қолданылып тұр.

1. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. ФФК. –А.2003
2. С.П.Суворов. Особенности стиля английских газетных заголовков// Язык и стиль. –М.1965.
3. Момынова Б.К. Газет тіліндегі лидерлер лексикасы. –А.
4. Фразеология современного русского языка. 3 изд. М.Выш.шк. 1985.
5. Володина М.Н. Аспекты изучения языка СМИ на филологическом факультете МГУ им.Ломоносова // Вестник московского ун-та. Серия филологич. №6 2002.
6. Қазақ тіл білімі мәселелері. –А.2000.
7. О.Бүркіт Қазақ өдеби тілінің публицистикалық стилі. ФФК –А.1996 // Жас Алаш, Түркістан, Айғақ.

Ә. Әділбекова

ҚҰС АТАУЛАРЫНЫҢ РЕЛЯТИВТІ МОТИВЕМАЛАРЫ

М. Саиға

Уәжділік пен уәждену теориясының қалыптасуы мен дамуының тежелуіне байланысты, қазақ тілі сөздік қорының елеулі бөлігін құрайтын және оның баюына маңызды үлес қосатын құс атаулары уәжділігінің зерттелуі ғылымда көп уақыт бойы назардан тыс қалып қойды. Тек өткен ғасырдың 70-жылдары зерттеуші М.М.Гинатуллин уәжділік ұғымын ғылым ретінде қалыптастырды. Әр түрлі тілдердегі құс атауларын зерттей отырып, М.М.Гинатуллин уәжділікті жеке лингвистикалық пән дәрежесіне дейін көтеруді ұсынды. Оның ойынша: «Мотивология – раздел лексикологии, задачей которого является изучение связей между словами и вещами в момент их наименования, а также состояние и степень мотивированности слов на определенном этапе развития языка» [1; 26]. Демек, уәжділік – зат пен атаудың арасындағы мағыналық және формалық байланысты білдіреді. Уәжділікті салыстырмалы, функционалдық және этнолингвистикалық секілді түрлі аспектіде қарастыруға болады.

Ат қою, оның ішінде құстарға ат қою, қалай болса, солай іске асатын процесс емес. Әдетте, бір нәрсеге ат қою үшін, алдымен сол заттың белгілері айқындалуы тиіс. Атаулар халықтың өлеуметтік тіршілігіне, дүниетанымына, мәдени, рухани және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жасалады. Құс атауларының шығуын нақты тарихи кезеңмен, сол дәуірде өмір сүрген халықтың санасымен және болмысымен байланыстыра зерттеу маңызды. Өйткені, кез келген атау ұлттық сананың тілдегі көрінісі екені даусыз. Қазақ тіліндегі құс атауларының мағыналары ұлттық болмыс пен ұлттық танымды жан-жақты көрсете алады. Атаудың жасалуының тағы бір қыры туралы зерттеуші А.Б.Салқынбай: «Болмыстағы заттар мен құбылыстарды танып, біліп, атау беру үшін, ұқсас объектінің ұғымдық бейнесі еске алынады. Бұрыннан белгілі объектінің ұғымдық бейнесі жаңа атауды атауға, негіздеуге себеп болады. Жаңа атаудың бұрыннан белгілі атаумен байланысы арқылы оны танудың жолдары анықталады» – деп санайды [2; 71].

Құс атауларының уәжділігін зерттеуде құстардың ең жігерлі, ширақ, түрлі түске боялған және әр түрлі дауыс шығаратын жануарлар тобына жататынын ескеру қажет. Құс атауларының жасалу жолдарын, яғни уәжділігін зерттеу бірталай өлшемдерге сүйенуді талап етеді. Көптеген құстардың аты сол құстардың даусы (үні, дыбысы) мен сыртқы бейнесіне (түр-түсі, бояуы, түркі, көлемі, қауырсыны, қанаты, т.б.) байланысты қойылған. Бұл белгілерді қашықтан-ақ қарусыз көзбен байқауға болады. Даусын және сыртқы бейнесін сипаттаудан шыққан құс аттарына қарағанда, құс атауларының релятивті мотивемалары, көзге бірден түсе бермейтін көптеген ерекшеліктерге мән беруді талап етеді. Релятивті мотивемалар (релятивті - лат. *relativus*-қатыстық, салыстырмалы [3; 428]; мотивема - фр. *motif* - сылтау, дәйектеме [4; 232] деген ұғымдарды білдіреді) дегеніміз әр түрлі нәрселердің арасындағы нақты қатынастардың белгілерін біріктіретін мотивемалар. Құс атауларының релятивті мотивемаларын олардың мекендейтін жерімен, ол жердің ерекшелігімен, немен қоректенетіндігімен, өмір-салтымен, іс-әрекеттерімен, табиғи өмір сүру ортасымен, тыныс-тіршілігімен түсіндіруге болады.

Басқа тіршілік иелеріне қарағанда құстар аспан әлемінде шарықтап ұшуымен ерекшеленеді. Соған қарамастан құстар өз өмірінің бірталай уақытын әуеден гөрі жерде өткізетіні белгілі. Құстардың мекендейтін жерінің маңызы құстың түріне байланысты өзгеріп отырады. Олар өз мекен ету объектісін сол жердің климатына, табиғатына, қорегінің қорына, қауіпсіздігіне, ыңғайлылығына, суға жақындығына қарай анықтайды. Мұнда шығу тегі мен жүйелеу орны біріне-бірі ұқсамайтын, белгілі мекенге бейімделген құстар қамтылады. Мекендейтін жері мен ол жердің ерекшеліктеріне қарай айтар тағылған құстардың бірнешеуін қарастырып өтейік.

Арша құралайы – биік тауларда тіршілік етеді. Ұясын арша мен шырша бұтақтарына салады.

Бөктергі – таудың бөктері мен жартасты шындарын мекендейді.

Жарқұс – таудың ең жоғарғы қабатындағы құздар мен шөгінділерде тіршілік етеді. Биік тауларда, қол жетпейтін құздарға ұялайды. Ұясын қаладағы көп қабатты биік үйлерге де сала береді.

Жиекдуадақ – құмды жерлердің жиегін ала көп кездесетіндіктен осылай аталған. Тіршілік әрекеті дуадаққа ұқсас. Дуадақтан ерекшелігі – денесі кішірек және мойнында қара жолақтың болуы. Ал «джекдуадақ», «жекдуадақ» деген сөздер құстың атауының мәнін түсінбегендіктен, сөздің бұрмалануынан пайда болған.

Жылқышы – үйір-үйір жылқының маңайында ұшып жүретіндіктен осылай аталған.

Жұртшы – аласа құрғақ тауларда мекендейді. Жұртшы жартас қуысына үлкен ұя салып, оны бірнеше жыл пайдаланады. Әртүрлі өлекселермен қоректенеді. Тұрғын үй маңындағы қоқыстарға да барады. Атауы жұртқа, адамдарға жақын орналасуымен түсіндіріледі.

Кентқарлығаш – елді мекенді төңіректеп, ұясын тұрғын үйлерге салады.

Қалақай торғайы – қылқан жапырақты ормандарды мекендейді.

Қамысторғай – сулы жерлердегі қамыстардың арасын мекендейді. Ұсақ жәндіктермен қоректенетін қамысторғайлар ұяларын қамыс арасына салады.

Сексеуіл торғай – сексеуілді орман, тораңғы тоғайлары мен шөлде орналасқан елді мекендерде тіршілік етеді. Жәндіктермен және дәнмен қоректенеді. Тораңғы мен сексеуіл қуыстарында ұялайды, қыстақтар мен қоралардың шатырларын да мекендей береді.

Сутартар – өзендегі қалың қамыстың арасында мекендейді. Қамыс арасында тез жүгіреді, суда жақсы жүзеді. Ұяларын қамысқа, шоқ талдың бұтағына немесе тура судың үстінде өсетін басқа өсімдіктерге салады.